ГАЗЕТА ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТНОЙ ДЕТСКО-ЮНОШЕСКОЙ ОРГАНИЗАЦИИ

# Твой Мир

сенің әлемің

№№15-16
(444-445)
от 29 августа
2025 года

## В НОМЕРЕ:

4 30-летие Конституции Республики Казахстан

9 «Екі студия – бір өнер»

12 180 лет Абаю Кунанбаеву



Газета Павлодарской областной детско-юношеской организации
Твой Мир
сенің әлемің

№№15-16
(444-445)
от 29 августа
2025 года

С МИРУ ПО СТРОЧКЕ

# Летняя рыбалка



Лето дарит нам тепло и много радости. На каникулах мы отдыхаем. Каждый ребенок отдыхает так, как может. Вот я с родителями отдыхаю в родном Павлодаре, езжу с деревню Конырозек, где живут дедушка с бабушкой, семья тети Оли.

А ещё я люблю отдыхать на природе. Например, нравится рыбалка.

Знаете, на рыбалку необязательно ехать далеко. Да, можно порыбачить и на Иртыше. Так мы и делаем.

Папа с мамой, я и моя тетя (школьница Вика) любим рыбачить на Иртыше. Это здорово!

Мама наслаждается красотой природы, делает редкие - редкие снимки. А мы наслаждаемся рыбалкой. Для нас с папой главное, ведь, не количество пойманной рыбы. Главное, смотреть на воду и ждать, когда же леска начнет вздрагивать. Вдруг, да клюнет?!

Да, меня интересует красота природы.

И для меня рыбалка - это отличный отдых, тишина, и спокойствие. Рядом со мной дорогие и родные люди. И это - главное!!!

А рыба?! Ловись, рыбка, большая и маленькая!

Спасибо лету за прекрасный отдых на природе.

***Роман Ганикель, 2 РВГ***
***школа имени Торайгырова***
***город Павлодар***

# Моё путешествие в Турцию

Этим летом я с мамой и папой отдыхал в Турции, в городе Алания. Это было моё первое путешествие на самолёте, и мне очень понравилось смотреть в окно — облака были как мягкие и нежные зефирки!

Когда мы приехали, было очень жарко, светило яркое солнце. Мы жили в большом отеле Lonicera с несколькими бассейнами, аквапарками и высочайшими пальмами. Каждый день мы ходили на море. Вода была тёплая, и я не брался плавать без кругов, так как занимаюсь плаванием! Мы с папой строили крепости из песка, собирали камушки, а мама загорала и фотографировала нас.

Один раз мы ездили плавать на корабле. Мы плыли по морю 3 часа. Это время пролетело незаметно! Было увлекательно и необычно. На корабле была пенная вечеринка, танцы, развлечения, угощения. А потом все прыгали с борта прямо в воду — это было весело! Мы плавали в открытом Средиземном море. Я был в восторге! А ещё мы были в пещере, где внутри капает вода и прохладно, как в холодильнике. Там было очень интересно!

Каждый вечер мы гуляли по красивой набережной, ели вкусное мороженое и смотрели на закат. Я был очень счастлив, потому что мы всё делали вместе.

Я очень люблю свою семью, и мне хочется, чтобы мы снова



поехали в Аланию. Это было лучшее лето!

***Роман Ганикель, 2 РВГ***
***СОШ имени С.Торайгырова***

# Праздник, который объединяет поколения

Летние каникулы – это всегда особое время для детей. Но что может быть лучше, чем провести это время не только с друзьями, но и с самыми дорогими и близкими людьми – бабушками? Уже второй год подряд, по инициативе «Клуба креативных бабушек» села, ученики Мичуринской СОШ становятся участниками уникального проекта «Лето с внуками», который дарит не только яркие эмоции, но и укрепляет связи между поколениями.



Проект, ставший настоящим праздником для детей и бабушек, направлен не только на развитие отношений между поколениями, но и на создание теплой и поддерживающей атмосферы, в которой каждый может раскрыть свои творческие и спортивные способности. Вдохновленные идеей передать знания и создать уникальные воспоминания, дети и бабушки отправляются на природу, где их ждут увлекательные и познавательные мероприятия.

Программу летних каникул трудно назвать обычной. Это не просто дни отдыха, это настоящее путешествие в мир игр, творчества и физической активности. Подвижные игры на свежем воздухе способствуют развитию физической формы и улучшают командный дух. Мы организуем для наших участников эстафеты, спортивные турниры и другие активности, которые учат работать в команде, помогать друг другу и радоваться общим победам.

Но самое главное, что объединяет детей и бабушек – это творчество. На мастер-классах участники учат друг друга разгадывать загадки и решать логические задачи, а также развивают фантазию и креативность через рисование, изготовление поделок и рукоделие. Дети знакомятся с традициями и ремеслами, которые передаются из поколения в поколение, и учат бабушек чему-то новому.

Не менее яркой частью проекта становятся музыкальные и танцевальные занятия. Здесь дети и бабушки раскрывают свои таланты, поют и танцуют вместе, создавая настоящую атмосферу праздника и радости. Импровизированные концерты, где каждый может показать, чему научился за лето, становятся кульминацией дня, наполненного счастливыми моментами и живыми эмоциями, когда дети и бабушки получают символические подарки. Эти подарки не просто сувениры, а память о проведенном времени и о том, сколько радости и тепла принесло общение между поколениями.

– Мы работаем над этим проектом вместе с «Клубом креативных бабушек». Они – наши постоянные и незаменимые гости на школьных мероприятиях, благодаря им, многие бабушки на селе стали активнее. Их энергия, и доброта вдохновляют не только детей, но и взрослых. Благодаря такому сотрудничеству «Лето с внуками» становится ярким и насыщенным, помогая развивать и укреплять связи между поколениями и создавая атмосферу взаимопонимания и уважения. Особую благодарность хочется выразить организаторам этого доброго дела – Совету ветеранов Павлодарского района, Розе Шагировой и Татьяне Шаповаловой, директору школы Айнаш Абдымановой и всем тем, кто поддерживает наш проект! - говорит учитель начальных классов Айслу Алибаева.

***Алибаева Айслу Адолькомаровна,***
***учитель начальных классов***
***Мичуринской СОШ***

Твой Мир
сенің әлемің

№№15-16
(444-445)
от 29 августа
2025 года

ТЕМА

# 30-летие Конституции Республики Казахстан

30 августа 2025 года исполняется 30 лет со дня принятия Конституции Республики Казахстан. Основной закон, утвержденный на общенародном референдуме 1995 года, заложил прочный фундамент суверенитета страны, обеспечил права и свободы граждан, а также утвердил демократические принципы государственного устройства. Конституция стала символом независимости Казахстана и его стремления к построению правового государства. За прошедшие три десятилетия она доказала свою жизнеспособность, содействуя укреплению государственности, мира и стабильности в стране.




День конституции Казахстана является государственным праздником, а значит, и выходным днём страны.

18 мая 2007 года в Основной закон были внесены поправки. С тех пор Казахстан является унитарным государством с президентско-парламентской формой правления.

Массовые гуляния по всем городам и районам Республики в День Конституции стали весёлой доброй традицией. Праздник проходит с песнями, танцами, приятными встречами, дружными рукопожатиями, увлекательными концертами, интересными выставками и вкусными угощениями.

Важные факты о Конституции Казахстана

Действующая Конституция страны составлена на казахском и русском языках. Государственный язык — казахский, но в госорганах и органах местного самоуправления наряду с ним употребляют и русский язык. Интересно, что Конституция на казахском языке оказалась больше, чем вариант на русском (8904 слова против 7168), в чем сказались особенности казахского языка и перевод юридических терминов.




Основное содержание и структура Конституции РК

В преамбуле изложены важнейшие принципы современного казахского общества, которое имеет общую историческую судьбу, сознает себя миролюбивым гражданским обществом и ответственность перед будущими поколениями. На этом основании заявлено, что принимает Конституцию народ Казахстана.

Основной Закон состоит из 9 разделов, в которых обозначены основы государственного устройства, права и свободы граждан. Шесть разделов посвящены основам организации осуществления власти в стране (положениям о президенте, парламенте, правительстве, конституционном суде, судебной системе и местном самоуправлении).

Конституция состоит из 98 статей, в которых закреплены такие основополагающие принципы жизни общества:

Власть в стране делится на три ветви (законодательную, исполнительную и судебную), которые взаимодействуют, но создают систему сдерживания и противовесов.

В стране провозглашено идеологическое и политическое разнообразие в форме деятельности различных партий и общественных объединений (ст. 5).

Конституция РК имеет высшую юридическую силу (ст. 4), служит ядром всей правовой системы и источником других отраслей права. Это дает гражданам возможность защищать в суде свои права на основании соответствующих положений Основного Закона.

Одно из самых значительных положений Конституции в том, что главный и единственный источник государственной власти — народ (ст. 3). Это право осуществляется через республиканский референдум, свободные выборы, делегирование полномочий государственным органам.

Развитие конституционализма в Казахстане

За три десятилетия становления и развития независимого государства произошли существенные изменения в обществе, они находили отражение в изменениях Основного Закона. Правки к Конституции принимались несколько раз, внесено их было за это время более 90, главными были такие:

Больше всего поправок (41) внесено в 2007 году. Они установили пропорциональную избирательную систему, при этом депутатами мажилиса могут быть только члены политических партий. Дали конституционный статус Ассамблее народа Казахстана.

В 2017-м изменения коснулись перераспределения полномочий президента, парламента и правительства.

Нынешний год стал этапным в становлении конституционализма в Казахстане — проводится реформа в управлении страной. Проект изменений был разработан учеными-правоведами и представлен для ознакомления гражданам. Правки ведут к новому формату взаимодействия государства и общества: расширяют права граждан на участие в управлении страной, усиливают защиту гражданских прав. При этом повышается статус и усиливается роль парламента РК, осуществляется переход к новой государственной модели — от суперпрезидентской к президентской республике.

Приняты изменения на всенародном референдуме 5 июня. По итогам всенародного голосования Центральная избирательная комиссия отметила, что проект изменений был поддержан 77% участников референдума.

День Конституции — это праздник главного Закона страны, который гарантирует каждому гражданину право жить в свободном демократическом обществе. Каждому жителю страны важно знакомиться с этим документом и его историей, чтобы знать, в каком государстве живет, какими правами обладает.

***Источник:www.gov.kz***

Твой Мир
сенің әлемің

№№15-16
(444-445)
от 29 августа
2025 года

МЕРЕЙТОЙ

# Абай және билік: 10 қызықты факті

Абай Құнанбаев – ұлы ақын, композитор, ағартушы және қоғам қайраткері. Оның шығармашылығы, поэзиядағы жетістіктері туралы көп білеміз, бірақ Абайдың өз заманының көрнекті саясаткері және қоғам қайраткері болғанын екінің бірі біле бермейді. Төменде Абайдың ел ішіндегі басшылық қызметі мен билікке қатысы туралы 10 қызықты факті берілген.



### 1. Тектілердің тұяғы

Абай Құнанбайұлы – Тобықты руының билер әулетінде дүниеге келген. Ойшылдың әкесі Құнанбай Өскенбайұлының өз заманында Тобықты руының белді адамының бірі, уездің аға сұлтаны болған. Кішкентай Абайдан ол өзінің ізбасарын көрді және 13 жасынан бастап оны әкімшілік, ел ісіне араластыра бастады.

### 2. Жас қайраткер

Он бес жаста өз замандастарынан озық шығып, өз білімділігімен ел ішінде көзге түсе бастаған. Ат үстінде жүрген әкесіне көмегі тиген. Түрлі рулардың игі жақсылары онымен санаса бастаған. Абай даулы істерде әділ билік айта жүріп, биге тән қасиет шешендік өнеріне жаттыққан. Жиырма жасында от ауызды, орақ тілді шешен, халық өмірі мен әдет-ғұрпын, төрелік айту жөнін жақсы білетін танымал тұлға болады. Бұл жылдарда Абай заман ерекшелігін түсіне отырып, өз халқын тереңірек тани бастаған. Бір сөзбен айтқанда Абай бастапқыда ел ішіндегі дау-шарларға араласа жүріп, ел басқару ісінде шыныққан.

### 3. Тәжірибелі болыс

Абай ең алғаш 1866 жылы Күшік Тобықты болысына болыстыққа сайланған. Бұған ағасы Құдайбердінің ерте қайтыс болуы әсер еткен. 1865 жылы болыстық сайлауда Құдайберді болыс болып, ал Абай оған кандидат болып белгіленген. Өкінішке орай, 1866 жылы сәуір айында Құдайберді қайтыс болуы себепті оның кандидаты Абайға осы қызмет жүктеледі. Осы туралы архив деректерінде Абайдың болыс ретінде қол қойған құжаттары табылған. Абай 1872-1874 жылдары Күшік Тобықты болысына екінші рет болыс болып сайланады. Мұны Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивіндегі құжаттар растайды. 1876-1878 жылдары Абай Қоңыр - Көкше еліне болыс болып сайланады. Бұл сайланудың ерекше себебі болады. Қоңыр Көкше болысына он үш старшын ел кірген. Олар: Көкше, Жөкең, Мамай, Мырза, Жігітек, Бөкенші рулары еді. Әр рудан жиналған болыстықта талас-тартыс, ұрлық, барымта, бір-бірінің үстінен арыз-шағымдар көбейіп, елдің берекесі кете бастайды. Сондықтан «сырттан болыс сайлау керек, елді дұрыс жолға салатын әділ мықты адам болсын» деген шешім шығады. Ояз бен жандаралдың лайықты деп тапқан адамы Абай болады. Сөйтіп ояз бен жандаралдың ұйғаруымен болыстыққа Абай сайланады. Абайдың осы елдегі қызметі губернатор тарапынан жоғары баға алған. Оның дәлелі өзге сайланған болыстарға берілмейтін 300 сом еңбек ақыны Абай алып отырған.

### 4. Заң шығарушы

1885 жылы Семей облысының Қарамола дейтін жерінде бес дуан елінің билері сьезінде Абай бірауыздан төбе би сайланады. Осы сьезд жұмысының барысында ол 3 күн ішінде қазақ халқының өмірін жеңілдететеін 73 баптан тұратын «Ереже» деп аталатын заң нұсқасын жазған және ол осы сьезде қабылданып, бекітілген. Бұл Ережеде Абай Ресей заңдарынан гөрі даланың жазылған, жазылмаған заңдарын сұрыптап заманына сай, қазақ қоғамының игілігіне қызмет ететіндей өңдеп кіріктірген.

### 5. Биліктегі принциптері

Басқару ісінде ақынның өзіндік ұстанымы болған. Ол әділ емес адамдарды билік ісіне, лауазымды орынға, сайлауға жіберуге болмайды деп есептеді және көп оқып, көкейіне түйгені мол адам болуы керектігін талап етті. Өзінің де биліктегі мақсаты, ойы әділдік пен шындық болады. Бұл ниеті елге жағып, жақсы атағы қазақ арасына тарады. Замандастары күшті би деп мойындайды. Баянауыл өлкесіндегі белгілі шежіресі, әрі ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ақыл кеңес алу үшін келіп тұрды. Бұл туралы М. Әуезов: «Әділдігі сонша, Абайға досынан гөрі, дұшпаны көбірек билік айтқызған», дейді. Сонымен қатар, Абай әйелдердің құқықтарын қорғаған. Абай ешқандай да ресми тұлға болмай тұра, үшінші би ретінде қиын дауларды шешуге қатысқан. Ол мұндай істерге кінәсіз, қарапайым халықты құтқару үшін, осы күрес отына май құйып отырғандарды басу үшін барды. Абай руластарымен дауға түскен кейбір рубасылары төрелік сұрап Абайға келген. Абай заманының ең әділ төрешісі саналған.

### 6. Әділ де қатал болыс

Әкесі Құнанбай жолымен руаралық талай талас-тартысты бастан өткізген Абай жауласқан 17 ataласын сібірге жер аударған. М.Әуезовтің «Абай жолынан» білетін Абай ақынмен достық қарым-қатынаста сипатталатын Базаралыны шын өмірде Құнанбай емес Абай болыс барымта жасағаны үшін жер аударған. Өйткені Базаралы әділінде Тәкежанның 800 жылқысын айдап әкеткен барымташы болған.

### 7. Шенеуніктер арасындағы беделі

Сол кездегі Семей облысының губернаторы, генерал майор Карповтың 1893 жылғы 11 қыркүйектегі №55 бұйрығына сәйкес Шыңғыс болысына болыстық қызметке Абай Құнанбайұлы 1893-1896 жылдар аралығына тағайындалған. Бұл құжат 3 тармақтан тұрады. ІІІ тармағында Шыңғыс болысына болыстық қызметке Ибрагим Құнанбаев, кандидаты Әзімбай Тәңірбердин сайланды делінген. Орыс әкімдері де ел ішінде беделді Абаймен санасқан.




### 8. Абайдың пікірлестері

Тағдыр Абайды озық ойлы интеллигенция өкілдері, саяси жер аударылғандармен тоғыстырды, оның бірі Е.П. Михаэлиспен жақсы достық қарым-қатынаста болған. Олар Абайдың дүниеге көзқарасы мен саяси көзқарасының қалыптасуына ықпал етті. Абайдың танымалдығы мен беделі тек қазақтар емес басқа да шығыс халықтары арасына тарады. Қазақ даласы арқылы өз еліне бағыт ұстанған сібірге жер аударылған, қаладан патша өкіметінің аңдуынан қашқан еркін ойлы татарлар, кавказдықтар үшін Абай ауылы орталық іспеттес болды. Абайдың үстінен жазылған арыздарда «ақ патшаның жауы» деп көрсетілуі де осыдан. Патшаға қауіпті адам туралы ақпарат Семей әскери губернаторы мен Дала өлкесінің генерал-губернаторына да жетеді. Абай ауылы мен маңайына жасырын бақылау орнатылады. Тіпті 1903 жылы Семей полицмейстері ақынның және оның балаларының үйіне тінту жүргізген. Бірақ халық арасындағы Абайдың зор беделінен жасқанып тек саяси жер аударылып келген достарымен тығыз қарым-қатынасын үзумен ғана шектелген. Олардың арасындағы хат алмасуын қатаң бақылауда ұстаған.

### 9. Жалған айыптар

Ол болыстық басқарушы болған кезде, әділдік жолын ұстанып, әлсізге зорлық көрсетушілерді, ұрлық жасағандарды қатаң жазалап, халық қамқорына айналды. Әрине, оның бұл әрекеті кейбіреулерге ұнамайды. Үстінен оязға арыз айтушылар көбейеді. Үзікбай Бөрібаев деген біреу “Таймаққөл деген жерімді тартып алды, пара алады және билікті асыра пайдаланды деген айыптар тағып, жалған арыз жазды. Бұл көпе-көрнеу жала жабу еді. Тексеріс ұзақ жылдарға созылады. Осы оқиғадан кейін Абайдың «не ермей, не ерік бермей» қор қылған елінен көңілі қалды. Жүрегі шерлі, жаны жаралы болып «Түзетпек едім заманды, өзімді тым-ақ зор тұтып,- деуі де осыдан.

### 10. Қастандық

1898 жылғы Мұқыр сайлауында Абайға қастандық жасалған. Мұқыр болысы мен Шыңғыс болысы арасындағы даулы жер мәселесін шешуге келген Абайды бір топ адам жерге жығып сабай бастаған. Бұл жағдаят Абайдың билік басындағынадандармен тек сөз жүзінде күреспегендігін көрсетеді. Қастандықтың себебі Оразбай екеуінің арасындағы жанжалдан туындаған. Сол Оразбай «Оразбай атымның шығуы Абайдай арысымның арқасы емес пе?» деп Абай дүниеден қайтқанда қатты қайғырған адамдардың бірі болған.

Твой Мир сенің әлемің

№№15-16
(444-445)
от 29 августа
2025 года



# 2025 жылы тойланатын мерейтойлар мен атаулы күндер

Әр жыл тарихтың жаңа парағын ашып, әлемдік және ұлттық деңгейде маңызды оқиғаларды еске түсіруге мүмкіндік береді. 2025 жыл – жаһандық тарих пен мәдениет үшін ерекше жыл, себебі бірқатар ірі тарихи оқиғалардың, ұлы тұлғалардың мерейтойлары мен қоғам үшін маңызды күндер атап өтілмек. Осы орайда биыл тойланатын басты мерейтойлар мен атаулы күндерді шолып шығуды жөн көрдік.

## Қаңтар

1 қаңтар – «Казахстанская правда» республикалық газетінің жарық көргеніне 105 жыл толды. 1920 жылы бұл газет «Известия Киргизского края» деп аталды. 1921 жылы «Степная правда» атауымен қайта шығып, Қазақ автономиялық социалистік республикасының ресми басылымы болды. Ал 1932 жылдан бастап «Казахстанская правда» деп аталып келеді.

5 қаңтар – Қадыр Мырза Әлінің туғанына 90 жыл толды. Көрнекті қазақ ақыны, аудармашы Қадыр Ғинаятұлы Мырза Әлі (1935-2011 ж.) Батыс Қазақстан облысы Жымпиты ауылында дүниеге келген. Балалық шағында кітапқа ерекше қызығушылық танытып, алғаш оқыған кітабы – «Қырық батыр» болды.

Әдеби қызметін «Жұлдыз» журналында, «Жазушы» баспасында, Жазушылар одағында жалғастырды. Қазақ поэзиясына тың ой, ұлттық рух пен шебер тіл енгізді. Сондай-ақ әлем әдебиетінің үздік шығармаларын қазақ тіліне аударды.

Еңбегі үшін «Парасат» және I дәрежелі «Достық» ордендерімен марапатталған. Қадыр Мырза Әлі мұрасы – қазақ әдебиетінің асыл қазынасы болып қала бермек.

7 қаңтар – әнші, актер, педагог, режиссер ұлттық кәсіби театр өнерінің негізін салушылардың бірі, Қазақстанның халық әртісі Құрманбек Жандарбековтің туғанына 120 жыл (1905-1973 ж.). Ол өнердегі жолын Мұхтар Әуезовтің «Қарагөз» трагедиясындағы Сырым, «Еңлік-Кебектегі» Кебек рөлдерінен бастаған. Сонымен қатар, қазақ операсының дамуына зор үлес қосып, «Қыз Жібек» операсында Бекежан образын шебер сомдады.

Кәсіби шеберлігімен халықты тәнті еткен сахна саңлағының есімі қазақ өнерінде мәңгі сақталады.

10 қаңтар – көрнекті жазушы, драматург, қоғам қайраткері Ілияс Есенберлиннің туғанына 110 жыл (1915-1983 ж.) толды.

Ол тарихи романдары арқылы қазақ әдебиетінде айрықша орын алды. Жазушының ең танымал еңбегі – «Көшпенділер» трилогиясы («Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар»), онда қазақ халқының тарихы мен тәуелсіздік жолындағы күресі суреттеледі.

Ілияс Есенберлин қазақтың бай тарихи мұрасын жаңаша танытып, ұлттық сананы қалыптастыру мәселелерін көтерді. Оның шығармалары әлемнің бірнеше тіліне аударылып, қазақ әдебиетінің халықаралық деңгейде танылуына үлес қосты.

## Ақпан

2 ақпан – көрнекті жазушы, әдебиеттанушы, Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Мұхтар Мағауин 85 жасқа (1940-2025 ж.) толар еді. Өкінішке қарай, қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Мағауин биыл қаңтар айында ғана АҚШ-та көз жұмды.

Ол Абай облысы Аягөз ауданының Баршатас ауылында дүниеге келген. «Жазушы» баспасы мен «Жұлдыз» журналының бас редакторы, Жазушылар одағының хатшысы қызметтерін атқарды.

Ғалым әрі қаламгер ретінде ұлттық әдебиет пен тарихқа өлшеусіз үлес қосып, құнды шығармашылық мұра қалдырды.

15 ақпан – тарих ғылымдарының докторы, профессор Ермұхан Бекмахановтың туғанына 110 жыл (1915-1966 ж.) болады.

Тарихшы 1915 жылы Павлодар облысы, Баянауыл ауданында дүниеге келген. Воронеж педагогикалық институтын бітіріп, Қазақстанда ұстаздық және ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысты. 1946 жылы «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» атты еңбегі үшін тарих ғылымдарының докторы атанды. Алайда бұл еңбегі үшін саяси айыптауға ұшырап, 1952 жылы қамауға алынды.

1955 жылы ақталып, ҚазМУ-ға қайтып оралды. Ол Қазақстан тарихын зерттеуге, ғылыми кадрлар дайындауға зор үлес қосты. 1959 жылы мектептерге арналған алғашқы Қазақстан тарихы оқулығын жазды. 1962 жылы Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды.

Ғалымның есімі мәңгілікке сақталып, Павлодарда бюсті орнатылды, білім беру мекемелеріне оның есімі берілді. Ермұхан Бекмаханов – тарихи шындықты зерттеудің символына айналған тұлға.

## Наурыз

1 наурыз – Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толады. Татулық пен бірлікті ту еткен ұйымның мерейтойы республика көлемінде кеңінен атап өтіледі.

Жоспар бойынша елдің түкпір-түкпірінде 400-ден астам танымдық, әдеби-мәдени шара ұйымдастырылып, Ассамблеяның маңыздылығы насихатталады. Мерекелік іс-шаралар 1 наурызда басталып, бас қаладағы Бейбітшілік және келісім сарайында республикалық форум өтеді. Форумға аудан, облыстардан делегаттар шақырылып, ұйымның жетістіктері мен алдағы міндеттері сарапталады.

14 наурыз – қазақ жазушысы, драматург Қалихан Ысқақтың 90 жыл (1935-2014 ж.). Ол Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданының Топқайың ауылында дүниеге келген.

ҚазМУ-дің журналистика факультетін, Мәскеудегі Мемкино жанындағы жоғары курсты тәмамдаған. Әр жылдары «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті», «Мәдениет және тұрмыс», «Парасат» басылымдарында, «Қазақфильм» киностудиясында, Жазушылар одағында және М.Әуезов атындағы театрда қызмет атқарған.

Оның «Ақсу – Жер жәннаты», «Қара орман», «Тұйық» романдары, «Қоңыр күз еді», «Бұқтырма сарыны» повестер жинағы, «Жарық дүние», «Қазақтар» пьесалар жинағы жарық көрген. «Ақсу – Жер жәннаты» романы үшін 1992 жылы ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Сондай-ақ, «Қараша қаздар қайтқанда», «Таңғы жаңғырық», «Есеней – Ұлпан» сынды пьесалары мен «Ұшы-қиырсыз жол», «Саршатамыз», «Қараша қаздар қайтқанда» фильмдерінің сценарийін жазды.

Қалихан Ысқақ Л.Н.Толстой, А.П.Чехов, И.С.Тургенев сияқты классиктердің шығармаларын және Нобель сыйлығы лауреаттары болған жеті драматургтің пьесаларын қазақ тіліне аударған. Оның туындылары бірнеше шетел тілдеріне аударылып, оқырман қауымға кеңінен танылды.

23 наурыз – ғалым, металлург-химик, жазушы, аудармашы, Қарағанды мемлекеттік университетінің негізін қалаушы Евней Бөкетовтің туғанына 100 жыл (1925-1983 ж.). 1925 жылы Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. 1950 жылы Қазақ тау-кен металлургия институтын бітіріп, металлургия және химия саласында ірі зерттеулер жүргізді. 1969 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығын алды. Ол түсті металдар металлургиясы бойынша маңызды жаңалықтар ашып, Лисаков пен Аят кен орындарында марганец пен темірді кешенді пайдалану әдістерін енгізді. Оның есімімен аталатын «Бөкетов-Баешев әдісі» фосфорды шлам құрамынан бөліп алуға мүмкіндік берді.

Қарағанды мемлекеттік университетінің тұңғыш ректоры ретінде білім саласының дамуына зор үлес қосты. Әдебиетте де белсенді болып, орыс жазушыларын қазақ тіліне аударды, әдеби сын жазды. 1985 жылы Мәскеуде оның «Святое дело Чокана» атты очеркі жарық көрді.

## Сәуір

1 сәуір – дирижер, композитор, домбырашы, Қазақстанның халық әртісі Нұрғиса Тілендиевтің туғанына 100 жыл (1925-1998 ж.) толады. Ол Алматы облысында дүниеге келіп, Алматы және Мәскеу консерваторияларын бітірген. Абай атындағы опера және балет театрында, Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестрінде, «Қазақфильм» киностудиясында қызмет етті. 1981 жылы «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестрін ұйымдастырып, өмірінің соңына дейін оның көркемдік жетекшісі болды.

Ол 400-ге жуық ән мен романстың, көптеген күй, кантата, поэмалардың авторы. «Алтын таулар» операсын, «Достық жолымен» балетін, «Аққу», «Махамбет», «Көш керуен» сынды әйгілі күй-поэмаларын жазды. 50-ден астам спектакль мен 19 көркем фильмге музыка жазған.

Екі рет Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған. Астана мен Алматыда Тілендиев атындағы көшелер бар.

20 сәуір – Кеңес Одағының Батыры, мерген Әлия Молдағұлованың туғанына 100 жыл (1925-1944 ж.). Ол Ақтөбе облысының Қобда ауданы, Бұлақ ауылында дүниеге келді. 7 жасында анасын жоғалтып, нағашы ағасының қамқорлығында өскен. 1935 жылы отбасымен бірге ағасының арқасында Ленинградқа келіп, балалар үйінде тәрбиеленді. 1941 жылы Ленинград қоршау кезінде қала төңірегінде қорғаныс бекіністерін салуға қатысып, ерлік танытты.

1943 жылы 22-ші армияның 54-ші арнайы атқыштар бригадасына мерген болып қосылып, жауға қарсы күресте есебінде 32 жауынгерді жойды. Шайқастар кезінде «Жауынгерлер, алға!» ұранымен қолдауы мол Әлия бірнеше жарақат алғанына қарамастан, батырлықпен шайқасып, фашист офицерін жер жастандырды.

Әлия Молдағұлованың қаһармандығы мен ерлігі ұрпақтарға үлгі болып қала бермек.

22 сәуір – Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері, академик Сәбит Мұқановтың туғанына 125 жыл (1900-1973 ж.). Ол қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Жаманшұбар (бұрынғы Ақмола губерниясы, Қызылжар уезі, Таузар болысына қарасты екінші ауыл) деген жерде туған.

Сәбит Мұқанов өз шығармаларында қазақ халқының ғасырлар бойғы тұрмысын, мәдениеті мен тарихын терең бейнелеген қаламгер. Ол халықтың революциядан кейінгі өмірін «Жұмаштың өлімі», «Альбом», «Балбөпе», «Сұлушаш», «Ақ аю» және басқа да шығармаларында суреттеді. Жазушының «Адасқандар» романы қазақ прозасындағы таптық күрес мәселесін көтерген алғашқы әлеуметтік-психологиялық туынды ретінде белгілі, кейін бұл шығарма «Мөлдір махаббат» атауымен қайта жарық көрді.

Жазушы қазақ ауыз әдебиетін зерттеп, фольклор мен көне жазба мұраларды жинақтап, жарыққа шығаруға айрықша үлес қосты. Оның әдеби мұрасы 80 мың жолдан астам лирикалық өлеңдерді, жиырмаға жуық поэма, бірнеше повесть пен роман, көптеген әңгіме мен очерк, оннан астам пьесаны, сондай-ақ оқулықтар мен әдеби зерттеулерді қамтиды. Сонымен қатар, ол қазақ ақын-жазушыларының шығармашылығын талдауға арналған монографиялар жазып, ұлттық әдебиеттанудың дамуына зор үлес қосты. Жазушының еңбектері әлемнің 46 тіліне аударылған.

Қазақ әдебиетін қалыптастыруға сіңірген үздіксіз еңбегі үшін Сәбит Мұқанов 2 рет Ленин орденімен, 2 рет Еңбек Қызыл Ту орденімен және «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған.

25 сәуір – мемлекет және қоғам қайраткері Нығмет Нұрмақовтың туғанына 130 жыл (1895-1937 ж.). Ол Семей облысы, Қарқаралы уезінде дүниеге келген. Омбы мұғалімдер семинариясы мен Коммунистік университетті тәмамдаған.

Еңбек жолын мұғалім болып бастап, Қарқаралы уездік кеңесінің хатшысы қызметін атқарды. 1920 жылдан бастап Қарқаралы және Семейдегі ревкомдар мен атқару комитеттерінде басшылық қызметтерде болды. 1923-1924 жылдары Қазақ АКСР Юстиция халық комиссары, кейін Жоғарғы Соттың қазақ бөлімінің төрағасы болды. Бұл кезеңде сот және прокуратура жүйесін қалыптастыруға, қазақ тілін іс жүргізуге енгізуге және заң кадрларын даярлауға үлес қосты.

1924-1929 жылдары Қазақ

ГАЗЕТА ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТНОЙ ДЕТСКО-ЮНОШЕСКОЙ ОРГАНИЗАЦИИ
Твой Мир
сенің әлемің

№№15-16
(444-445)
от 29 августа
2025 года



АКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы қызметін атқарды. 1931 жылдан Мәскеуде ВЦИК құрылымдарында жұмыс істеді. 1937 жылы саяси қуғын-сүргінге ұшырап, ату жазасына кесілді. 1956 жылы ақталды.

## Мамыр

9 мамыр – Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 80 жыл (1945 ж.). 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында 25-27 миллион адам қаза тапты, олардың ішінде әскери қызметкерлермен қатар бейбіт тұрғындар да көп болды. Германия Екінші дүниежүзілік соғысты 1939 жылы бастап, Еуропаны жаулап алса, 1941 жылы 22 маусымда Кеңес Одағына шабуыл жасады. Оған Германияның одақтастары – Румыния, Венгрия, Финляндия, Италия, Жапония және басқа да елдердің ерікті әскери бөлімдері қосылды.

Шабуыл түнгі 3:30-да Брест, Гродно, Барановичи, Кобрин қалаларына әуеден соққы берумен басталды. Бірнеше минуттан кейін Киев пен Балтық жағалауы елдеріне шабуыл жасалды. Таңғы 4:30-да Сталин жағдайды Германияның арандатуы деп санады, бірақ көп ұзамай Германияның елшісі ресми түрде соғыстың басталғанын мәлімдеді. Кеңес халқы үшін бұл күтпеген жағдай болды, себебі 1939 жылы КСРО мен Германия арасында шабуыл жасамау туралы келісімге қол қойылған еді.

22 маусымда түсте Вячеслав Молотов радио арқылы Кеңес халқына соғыстың басталғанын хабарлады. Елде жаппай мобилизация жарияланып, Қызыл Армия қарсы шабуылға дайындала бастады. Бірақ алғашқы айларда Кеңес әскері ауыр шығынға ұшырап, жау Мәскеуге дейін жетті.

Алайда 1941 жылдың соңында Мәскеу түбіндегі шайқаста Қызыл Армия қарсы шабуылға шығып, жауды кері шегіндірді. Кейіннен Сталинград және Курск шайқастарында кеңес әскері стратегиялық бастаманы қолға алды. 1944-1945 жылдары Кеңес әскері Шығыс Еуропаны азат етіп, 1945 жылы 9 мамырда Берлинді толық басып алды. Бұл күн тарихта Жеңіс күні ретінде қалды.

12 мамыр – жазушы, журналист, Қазақстанның халық жазушысы Әнуар Әлімжановтың туғанына 95 жыл (1930-1993 ж.). Ол бұрынғы Талдықорған облысы, Сарқанд ауданындағы Қарлығаш ауылында дүниеге келген. Ерте жетім қалып, интернат пен балалар үйінде тәрбиеленді.

1949 жылы Лепсі педагогикалық училищесін, 1954 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика бөлімін бітірген. Еңбек жолын облыстық «Алма-Атинская правда» газетінде бастап, кейін «Литературная газета», «Правда» газеттерінде тілші, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы қызметтерін атқарды.

Жазушы Азия және Африка елдері жазушыларымен байланыс жөніндегі комитеттің, Африка халықтарымен достық ассоциациясының белсенді мүшесі болды. Ол Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының, Халықаралық Дж.Неру атындағы сыйлықтың лауреаты, «Құрмет Белгісі», «Халықтар Достығы» ордендерінің иегері, Қазақстанның Халық жазушысы.

Әнуар Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі», «Ұстаздың оралуы», «Адамдар жолы» атты романдары мен «Көгілдір таулар», «Отырардан келген сыйлық» сынды повестері қазақ әдебиетінің алтын қорына енген. Жазушының шығармалары тарихи тақырыптарға негізделіп, ұлт рухын көтеруге арналды.

## Маусым

2 маусым – Байқоңыр ғарыш айлағының құрылғанына 70 жыл (1955 ж.) толады. Ол әлемдегі ең ірі ғарыш кешендерінің бірі. 1957 жылы 4 қазанда дәл осы жерден алғашқы жасанды жерсерік – «Спутник-1» ұшырылып, ғарыш дәуірінің бастауы болды. Кейіннен




1961 жылы 12 сәуірде Юрий Гагарин адамзат тарихында алғаш рет ғарышқа аттанды.

Қазақстандық ғарышкерлердің ішінде Тоқтар Әубәкіров 1991 жылы 2 қазанда тұңғыш болып ғарышқа ұшты. Ол ғарышта ғылыми зерттеулер жүргізіп, тарихи миссиясын сәтті аяқтады. 1994 жылы Талғат Мұсабаев алғаш рет ғарышқа аттанып, кейін 1998 және 2001 жылдары тағы екі рет ұшты. Ол ашық ғарышқа шыққан алғашқы қазақ ғарышкері атанды. 2015 жылы Айдын Айымбетов «Союз ТМА-18М» кемесімен ғарышқа ұшып, экологиялық зерттеулер жүргізді.

Байқоңырда бүгінде «Союз», «Протон», «Зенит» сияқты зымыран тасығыштар ұшырылады. Ғарыш айлағында 9 ұшыру алаңы, 14 іске қосу қондырғысы және екі әуе айлағы бар. Байқоңыр қаласы 1995 жылдан бері ресми түрде осылай аталады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Байқоңырдың стратегиялық маңызын ерекше атап өтеді. Бұл кешен Қазақстанның ғарыштық бағдарламалары мен халықаралық ынтымақтастығы үшін маңызды рөл атқарып, елдің ғылым мен технологиядағы әлеуетін арттыруға үлес қосуда. 70 жыл ішінде Байқоңырдан мыңдаған ғарыш миссиясы орындалып, әлемдік ғарыштық зерттеулердің маңызды орталығы ретінде қалыптасты.

## Шілде

25 шілде – алғашқы қазақ кәсіби суретшілерінің бірі, кескіндемеші, педагог, Қазақстанның халық суретшісі Молдахмет Кенбаевтың туғанына 100 жыл (1925-1993 ж.). Ол Қостанай облысы Амангелді ауданында дүниеге келіп, 1931-1941 жылдары Алматыдағы балалар үйінде тәрбиеленді. 1948 жылы Алматы көркемсурет училищесін, 1956 жылы Мәскеу көркемсурет институтын бітірді. Ал 1956-1959 жылдары Қазақстан Көркемсурет қоры басқармасының, 1968-1974 жылдары Қазақстан Суретшілер одағының кескіндеме секциясының төрағасы болды.

Молдахмет Кенбаевтың шығармашылығы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, ұлттық болмысын бейнелеуге арналды. Оның «Шопан әні», «Әңгіме үстінде», «Киіз басу», «Қашағанды қуу» сияқты картиналары халық өмірінің шынайы көрінісін көрсетті. «Мұхтар Әуезов», «әл-Фараби» секілді портреттері де ерекше орын алады. Ол сондай-ақ Алматыдағы «Қазақстан» мейманханасы, Неке сарайы, Мәскеудегі «Қазақстан» кинотеатры сияқты ғимараттардың мозаикалық панноларын безендіруге атсалысты.

Құрманғазы бейнесін шынайы жеткізгені үшін 1959 жылғы республикалық бәйгеде 1-орын алды. Оның туындылары Мәскеудегі Третьяков галереясында, Шығыс халықтары өнерінің мемлекеттік мұражайында, Қазақстанның Орталық көркемөнер галереясында да сақталған. Молдахмет Кенбаев қазақ бейнелеу өнерінің дамуына зор үлес қосқан шебер суретші ретінде ұлттық мәдениет тарихында айрықша орын алады.

## Тамыз

10 тамыз – қазақтың біртуар ақыны, ағартушы, философ, сазгер, аудармашы Абай Құнанбаевтың (1845-1904 ж.) туғанына 180 жыл. Ол қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданында дүниеге келген. Бала кезінде ауыл молдасынан хат танып, он жасында Семейдегі Ахмет Риза медресесінде білім алды. Медреседе діни іліммен қатар шығыс классиктері Науаи, Фзули, Саади, Хафиз еңбектерімен танысты.

Әкесі Құнанбай Абайды ел билеу ісіне ерте араластырды. Әділдікті жақтағаны үшін оны сыртынан айыптап, абақтыға да жапты. Отыз жастан асқан соң орыс әдебиетімен танысып, Семейге жер аударылған Е.П. Михаэлис бастаған демократтық көзқарастағы адамдармен жақын араласты. Бұл оның ойсанасының қалыптасуына үлкен әсер етті.

Абай қырық жастан асқан соң ғана ақындыққа ден қойып, қазақ поэзиясына жаңа биіктік әкелді. «Өлең – сөздің патшасы», «Ғылым таппай мақтанба», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» секілді өлеңдерінде білім мен адамгершілікті дәріптеді.

«Ескендір» мен «Масғұт» поэмаларында тарихи және философиялық тақырыптарды қозғады. Қара сөздерінде адам болмысын, ақыл, қайрат, талап мәселелерін терең талдады.

Ал қара сөздері – оның көркемдік, философиялық, әлеуметтік және діни көзқарастарын білдіретін прозалық шығармасы. Жалпы саны 45 қара сөзден тұрады, олардың тақырыптары әртүрлі. Абай тек шығарманың көркемдігіне емес, оның тереңдігі мен логикалық мәніне де көңіл бөлген.

Қара сөздерде гуманистік, ағартушылық, әлеуметтік және діни ойлар тұтас қазақ халқының философиялық концепциясын қалыптастырады. Ол алғаш 1918 жылы «Абай» журналында жарық көріп, кейін көптеген тілдерге аударылды.

Абай 1904 жылы қайтыс болып, Жидебайда жерленді. Бүгінде Жидебайдағы әдеби-мемориалдық мұражайы ұлы ақынның мұрасын танытуда маңызды рөл атқарады.

15 тамыз – қазақтың ұлы композиторы, Қазақстанның халық әртісі Шәмші Қалдаяқовтың (1930-1992 ж.) туғанына 95 жыл. Ол Оңтүстік Қазақстан облысының Отырар ауданындағы Қарақоңыр ауылында дүниеге келген. Әкесі зергер, темір ұстасы болғанымен, домбыра мен қобызда шебер ойнаған өнерпаз адам еді. Анасы да ән салатын. Осындай өнерлі ортада өскен Шәмші бала кезінен музыкаға әуес болып, мандолинада ойнап, алғашқы әндерін жаза бастады.

Ол Сарыағаштағы Қапыланбек малдәрігерлік техникумын тәмамдап, кейін Ташкенттегі музыка училищесінде, Алматы мемлекеттік консерваториясында білім алды. 1950 жылдан бастап шығармашылық қызметке бет бұрып, қазақ музыкасына жаңа серпін әкелді. Оның әндері жүрекке жылы тиетін әуезділігімен, шынайылығымен ел арасына кеңінен тарады.

Шәмші Қалдаяқовтың шығармалары туған жерге, Отанға, ата-анаға, махаббат пен достыққа арналған. Оның «Ақ ерке – Ақ Жайық», «Арыс жағасында», «Сыр сұлуы», «Қарқаралы», «Өмір-өзен» сияқты лирикалық әндері халық жүрегінен орын алды. Ал «Менің Қазақстаным», «Бақыт құшағында», «Бәрінен де сен сұлу» сынды жігерлі туындылары ұлттық рухты көтеретін ерекше әндерге айналды.

Композитордың ең танымал шығармаларының бірі – «Менің Қазақстаным» әні. Бұл ән 2006 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны ретінде бекітіліп, елдің басты музыкалық символына айналды.




Шәмші Қалдаяқовтың есімі мәңгілікке сақталды. 1992 жылдан бастап оның құрметіне арналған халықаралық ән фестивалі өткізіліп келеді. Шымкент қаласында облыстық филармония мен бір көше, Алматыда бір көше, Шәуілдір ауылындағы музыка мектебі сазгердің атымен аталады. Шымкент филармониясының алдында оның құрметіне ескерткіш қойылған.

1991 жылы композитор туралы «Жылдарым менің, жырларым менің» атты деректі фильм түсіріліп, «Шәмшиұмыр» атты естеліктер мен мақалалар жинағы жарық көрді. Оның әндері бүгінгі күнге дейін халық арасында шырқалып, қазақ музыкасының алтын қорына енген мәңгілік мұраға айналды.

30 тамыз – Қазақстан Республикасы Конституциясының (1995 ж.) қабылданғанына 30 жыл. Алғашқы Конституция 1993 жылы қабылданғанымен, құқықтық жүйені жетілдіру қажеттілігі туындап, 1995 жылы жаңа жоба әзірленді. Жаңа Конституцияны заңгерлер, ғалымдар мен саясаткерлер дайындап, халықтың дауыс беруімен бекітілді.

Қазіргі қолданыстағы Конституцияға 1998, 2007, 2011, 2017, 2019 және 2022 жылдары өзгерістер енгізілді. Соңғы түзетулер 2022 жылы 5 маусымда өткен жалпыұлттық референдум арқылы қабылданып, 33 бапқа бірнеше ондаған өзгеріс енгізілді. Бұл өзгерістер суперпрезиденттік басқару үлгісінен президенттік республикаға көшуге, билік

Твой Мир
сенің әлемің

№№15-16
(444-445)
от 29 августа
2025 года

МЕРЕЙТОЙ

өкілеттіктерін қайта бөлуге, Парламенттің рөлін күшейтуге, халықтың ел басқару ісіне қатысу мүмкіндігін кеңейтуге және азаматтардың құқықтарын қорғау тәсілдерін жетілдіруге бағытталды.

## Қыркүйек

19 қыркүйек – қазақ ақыны, жазушысы Асқар Тоқмағамбетовтің (1905-1983 ж.) туғанына 110 жыл. Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданында туған. Алғашқы сауатын ауыл молдасынан ашып, 1924-1926 жылдары Ташкенттегі политехникумда, 1932 жылы Мәскеудегі Журналистер институтында білім алды. «Ленинішіл жас» (қазіргі «Жас Алаш»), «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеттерінде, «Ара» журналында қызмет етті. Ұлы Отан соғысына қатысып, кейін Қазақстан Жазушылар одағының Шымкент, Қызылорда облыстары бойынша жауапты хатшысы болды. Алғашқы өлеңі «Еңбекші қазақ» газетінде 1924 жылы жарық көрді. 1928 жылдан бастап өлең, поэма, очерк, фельетон жанрында жазған еңбектері жеке жинақ болып басылып шықты. «Екі заң», «Сайлау», «Алдар көсе», «Бір семья» сынды пьесалар жазып, әсіресе мысал жанрында өнімді еңбек етті. Үш мәрте Еңбек Қызыл Ту, сондай-ақ I дәрежелі Отан соғысы, Октябрь революциясы ордендерімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Шығармаларының ішінде «Таңдамалы шығармалары», «Екі томдық шығармалар жинағы», «Тырналар, сұлу тырналар», «Алтын жапырақтар», «Төрт томдық шығармалар жинағы» ерекше орын алады.

## Қазан

4 қазан – көрнекті саяхатшы, географ, этнограф, фольклоршы Григорий Потаниннің (1835-1920 ж.) туғанына 190 жыл. Ол Павлодар губерниясы Ямышево ауылында дүниеге келген. Орталық Азияның табиғатын, халқының тұрмыс-салтын, мәдениеті мен тарихын зерттеген. Қазақ фольклорының үлгілерін жинап, «Қазақтардың және алтайлықтардың аңыздары, аңыз-әңгімелері және ертегілері» атты еңбегін жазды.

Омбы кадет корпусын тәмамдап, Семейде әскери қызмет атқарды. Онда қазақ халқының мәдениетімен танысып, Шоқан Уәлихановпен достық қарым-қатынас орнатты. Кейін Петербург университетінде оқыды, бірақ 1861 жылы студенттік көтерілістерге қатысқаны үшін Сібірге жер аударылды.

1863 жылдан бастап Орталық Азияны зерттеуге кірісіп, Зайсан көлі, Тарбағатай тауы, Моңғолия, Тува, Солтүстік Қытай, Шығыс Тибет сияқты аймақтарға бірнеше рет экспедиция жасады. Ол 36 жыл бойы зерттеу жүргізіп, Орталық Азияның географиясына, этнографиясына, табиғатына қатысты құнды мәліметтер жинады.

Потанин қазақтардың, алтайлықтардың, басқа да түркі халықтарының аңыз-ертегілерін жинап, зерттеді. Оның еңбектері халық ауыз әдебиетін ғылыми айналымға енгізуге ықпал етті. Сондай-ақ оның құрметіне Наньшань тау жотасы мен Моңғол Алтайындағы мұздық аталған.

5 қазан – ірі эпик ақын, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның халық жазушысы Жұбан Молдағалиевтің (1920-1988 ж.) туғанына 105 жыл. Ол Батыс Қазақстан облысы Тайпақ ауданы Жыланды деген жерде туған. Жетіжылдық мектепті, Орал ауыл шаруашылығы техникумын бітірген. 1940-1947 жылы әскер қатарында болып, Ұлы Отан соғысына қатысты. Соғыстан кейін баспасөзде, Қазақстан Жазушылар одағында басшылық қызметтер атқарды.

Тұңғыш өлеңдер жинағы «Жеңіс жырлары» деген атпен жарық көрді. «Кісен ашқан», «Қыран дала», «Сел», «Мен – қазақпын» поэмалары үшін мемлекеттік сыйлықтармен марапатталды. Оның шығармалары ағылшын, неміс, француз, испан және басқа да тілдерге аударылған. Ақынның ең танымал шығармасы «Мен – қазақпын» поэмасы қазақ халқының тарихын, ұлттық рухын асқақтатқан туынды.

1986 жылы Қазақстан Жазушылар одағында Г.В. Колбинмен кездесуде Желтоқсан көтерілісіне қатысқан жастарды батыл қолдап, олардың әділетті талаптарын қорғады.

Оның лирикалық шығармаларында Отанға деген сүйіспеншілік, қазақ тілі, ана мен әйел, махаббат, соғыс пен бейбітшілік, ұлттық рух тақырыптары көрініс тапқан.

Жұбан Молдағалиев – қазақ әдебиетінде өшпес із қалдырған тұлға.

## Қараша

12 қараша – композитор, Қазақстанның халық артисі Евгений Брусиловскийдің (1905-1981 ж.) туғанына 120 жыл. Ол Ресейде Ростов-на-Дону қаласында дүниеге келді. Ленинград консерваториясын профессор М.О. Штейнбергтің композиция класы бойынша бітірген.

Евгений Брусиловский қазақтың музыкалық фольклорын зерттеуге ерекше көңіл бөліп, Н.Бекейханов, Л.Мұхитов, М.Бөкейханов, И.Байзақов сияқты халық композиторларының әндері мен күйлерін жинақтап, нота907 жазбаға түсірген. Ол қазақ операсының негізін қалаушы ретінде «Қыз Жібек», «Жалбыр», «Ер Тарғын» сынды алғашқы ұлттық операларды жазды. Сонымен қатар «Сарыарқа», «Целинная», «Құрманғазы» симфонияларын, кантаталар, 50-ден астам ән мен романсты дүниеге әкелді.

Оның шығармашылығы қазақ халқының әуендік дәстүрлерін терең түсінуімен ерекшеленді. Композитор қазақ халқы музыкасын кәсіби деңгейге көтерді. Қазақ музыкалық мәдениетіне қосқан зор үлесі үшін Ленин, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.

24 қараша – Қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы Сапарғали Бегалиннің (1895-1983 ж.) туғанына 130 жыл. Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы Дегелең ауылында дүние есігін ашты.

1915 жылы Семейдегі орыс-қырғыз (қазақ) училищесін бітірген. Әр жылдары түрлі мемлекеттік қызметте, сондай-ақ «Теміржолшы» газетінде, Қазақ КСР ҒА Тіл және әдебиет институтында, Қазақстан Жазушылар одағында жұмыс істеді.

Алғашқы өлеңі «Қазақ бозбалаларына» 1914 жылы «Айқап» журналында жарияланды. «Қыран кегі», «Сырлы қайнар» сынды поэтикалық шығармаларымен қатар, «Сәтжан», «Жеткіншектер», «Шоқан асулары», «Қыран туралы аңыз» сынды балалар мен жасөспірімдерге арналған повестері бар. «Замана белестері» атты романы жарық көрген.

Ол халық ақындарының шығармаларын жинап, «Халық ақындары», «Өмір жыры» жинақтарын құрастырды, Жамбыл Жабаев туралы монография жазды.

Еңбегі үшін Халықтар Достығы, «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапатталған.

25 қараша – Қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы, «Алаш» партиясының жетекшісі Міржақып Дулатұлының (1885-1935 ж.) туғанына 140 жыл. Ол бұрынғы Торғай облысындағы Сарықопа болысында (қазіргі Қостанай облысының Жанкелді ауданына қарасты «Қызбел» ауылы) дүниеге келген.

Әкесі Дулат көзі ашық, қолөнерге шебер, дәулетті адам болған. Анасы Дәмештен екі жасында айырылып, 12 жасында әкесі қайтыс болған соң, ағасы Асқардың қолында тәрбиеленді.

Алғаш ауыл молдасынан білім алып, кейін екі сыныптық орыс-қазақ училищесін және оқытушылар курсын бітіріп, мұғалім болды. Ұстаздық ете жүріп, елдегі әділетсіздік пен отаршылдық езгінің зардаптарын көріп, ұлттық күреске бет бұрды.

1904 жылы Омбыға барып, Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлымен танысып, Алаш қозғалысына қосылды. 1909 жылы Қазанда «Оян, қазақ!» атты өлеңдер жинағы жарық көріп, патша үкіметінің қуғынына ұшырады. 1910 жылы «Бақытсыз Жамал» атты алғашқы қазақ романы басылып шықты.

1913 жылы А.Байтұрсынұлымен бірге «Қазақ» газетін шығарып, ұлт-азаттық қозғалысты насихаттады. 1922-1926 жылдары Орынбордағы Қазақ халыққа білім беру институтында (КИНО) ұстаздық етті. «Есеп құралы», «Қиғарат кітабы» сияқты оқулықтар жазды.

1928 жылы кеңес үкіметі тарапынан тұтқындалып, 1930 жылы 10 жылға сотталды. 1935 жылы Ақтеңіз-Балтық каналының бойындағы Сосновец лагерінде ауыр науқастан қайтыс болды.

